



2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 03 ақпандағы № 124 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 ақпанда № 3704 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 06 қаңтардағы № 02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 06.01.2016 № 02 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлері осы қаулының қосымшасына сай бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Риддер қаласы әкімінің орынбасары Д.Б. Дүйсембаевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Риддер қаласының әкімі

Ж. Мұратов

Әкімдіктің
2015 жылғы "03" ақпан
№ 124 қаулысына қосымша

2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 29.09.2015 № 989 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Бір айда бір тәрбиеленушінің жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, теңге			
Республикалық бюджет		Жергілікті бюджет	
Балабақшалар, бөбекжайлар	Шағын-орталықтар	Балабақшалар, бөбекжайлар	Шағын-орталықтар

мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке
20216,0	24185	17000,0	0	20216,0	0	0	0

кестенің жалғасы:

Бір тәрбиеленушіге шығындардың орташа айлық құны, теңге				Ата-ананың ақы төлеу айлық мөлшері, теңге				Тәрбиеленушілердің саны, адам				Бала , бөбе
мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	
20216,0	24185	17000,0	0	11500,0	12000,0	11500,0	0	2320	377	120	0	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК